

разных авторов, описываются стадии интерактивного обучения, его особенности. Тем самым в статье рассматривается понятие интерактивное обучение с разных сторон, для того чтобы, выявить его сущность

В статье подчеркивается актуальность использования интерактивных форм обучения, анализируется концепция интерактивного обучения.

Ключевые слова: интерактивное обучение, мозговой штурм, ИКТ, круглый стол, имитационные игры, ролевые игры, проектный метод, активное обучение, кейс-стади, проблемная лекция, дидактические игры, образовательный процесс.

Information about authors:

Bakitgul Abykanova, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan. +7 (702)202-21-66. E-mail: bakitgul@list.ru

Guldana Bekova, Master of Science, Senior Lecturer of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan. +7 (777)628-18-23. E-mail: bekovaguldana@gmail.com

Gulmaydan Myrzagereikeyzy, Master of Science, Senior Lecturer of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan. +7 (775)434-82-00. E-mail: gulmay86@mail.ru

FTAMP 15.01.09

Ж.Н. Сабирова¹, Л.Е.Қойшығұлова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zhanylsyn.sabirova@mail.ru, laila_12.68@mail.ru

МӘЖИТ МҰҚАНОВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ РӨЛІ

Бұл мақалада, ғалым, ұстаз, психолог Мәжит Мұқановтың ұстаздық өмір жолымен педагогикалық қызметінің қалыптасуына әсер еткен ұстаздары мен әріптестерінің ықпалымен оның оқулық, оқу құралдары және ғылыми мақалаларындағы психологиялық, тәлім-тәрбиелік көзқарастары сипатталды. Сондай-ақ, М.Мұқановтың психология ғылымындағы өзіндік орнының маңыздылығы жайында көптеген Қазақстандық ғалымдар еңбектер жазған, онда ұлттық психологияның қалыптасуына және психологияның түрлі саласы бойынша айтқан тұжырымдарының бар екені көрсетілген. Ғалымның еңбектерінің маңыздылығы педагогикалық психология ғылымының даму тарихына деген қоғамдық сұраныстың, болашақ кәсіби мамандарды тәрбиелеудің рухани қажеттілігі және педагогикалық психология мәселелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануда ғылыми зерттеулерінің, берген тұжырымдарының өзіндік құндылығында. М.Мұқанов шығармаларындағы психикалық танымдық процестер мен психикалық қасиеттер туралы айтқан тұжырымдарының құндылығы, орыс және шетелдік психологтар ғалымдар еңбектерімен үндестік табуында.

Ғалымның мұраларындағы психологиялық көзқарастарын негізгі ғылыми шығармалары арқылы ашып, білім беру саласында қызмет ететін бүгінгі кәсіби білікті педагог-психологтарға арналған психологиялық ақыл-кеңес, психопрофилактикалық және психологиялық танымдық рухани мұрасын өскелең ұрпаққа жеткізу, ұстаздың бойындағы тұлғалық сапалары арқылы жастардың психологиясын қалыптастыру өзекті мәселе болуы заңды.

Негізгі сөздер: психология, педагогикалық психология, этнопсихология, бақылау және ойлау, ақыл-ой өрісі.

Кіріспе

Әлемдік өркениетке енген тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне әсер етті және оқыту мен тәрбие әдістерінің мазмұнын жетілдіруде жаңа ашылуларға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру арқылы оқушылардың саналы әлемін көркейту; өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің рухани талғамын қалыптастыру; әдеби мұра мен ондағы құбылысты эстетикалық қабылдау үшін қажетті білім мен дағдылармен жарактандыру; логикалық ақыл-ес, ауызша және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру және т.б.» мәселелер көрініс тапты. Сондықтан бүгінгі қоғам өміріндегі даму мен жанару бағыты терең біліммен, ұлттық рух пен ғасырлық рухани құндылықтарға негізделген жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу, сонымен қоса ұлттық тарихи-мәдени, көркемдік және эстетикалық құндылықтарымызды жан-жақты зерделеуді қажет етуден туындайды [1].

Мұнымен бірге, «Мәдени мұра» бағдарламасы: «Адамдардың өміріне және біздің өткен дәуірімізден шыққан доктриналық ұғымдарды қайта жандандыруға бағытталып отыр. Бұл өзін-өзі көрсету және білім беру жұмысы, келесі ұрпаққа патриотизмнің күшті сезімін ояту тәсілі»-деп тұжырымдалады [2].

Тарихтан белгілі болғандай, ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының тәрбиелік және адамгершілік мұралары бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Тәуелсіздік алғаннан кейін елдің ұлттық мұрасын өзектендіру міндетіндегі айырықша маңыздылығы - ұлттық ғылым негіздерін жаңаша талдау мазмұнына ие.

Қазақ психологиясының өткенімен бүгінгі ерекшеліктерін зерттеуші психолог ғалым К.Б. Жарықбаев ұлттық тәлім-тәрбие ойының ұлттық дәстүрлерден, Орхон-Енисей жазбаларынан Қазан төңкерісіне дейінгі және бүгінгі кезеңдерін зерттей келе, қазақ психологиясының әлі де ғылыми-теориялық деңгейге көтерілмеу себептерін былайша тұжырымдайды: біріншіден, Қазақстандағы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың әртүрлілігі, бастапқы бір-бірінен ажыратылды, олардың ғылыми атауларыда толық қалыптаспады; екіншіден, әр ғылымның құрылым ерекшеліктерін ұлттық негізде мұқият зерттейтін мамандандырылған ғалымдардың жетіспеуі; үшіншіден, ғылым салаларын дамытуда ғылыми-техникалық құралдар (ғылыми-зерттеу мекемелері, өндіріс) жеткіліксіз деп санаған [3].

Осыған байланысты ұлттық психология тарихындағы маңызды кезеңдерді сипаттаған М.Мұқановтың психологиялық көзқарастарының жолға қойылуы мен қалыптасу процестерін жүйелі түрде зерттеу, адам жан дүниесінің әр қырын көркем, шеберлік, ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан нақты сипаттамалары арқылы зерттеуді қарастыру бұл мақаланың басты мақсаты болып табылады.

М.Мұқанов сияқты жеке тұлғаның әдеби, ғылыми, мәдени, педагогикалық және психологиялық мұраларын жеткізудің жаңа деңгейлерін айқындап, оны кейінгі ұрпаққа мол мұраларын насихаттап жеткізу бүгінгі таңда бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Сондықтан болашақ педагог- психологтармен мұғалімдер үшін тәлім-тәрбие процесінде ғылыми тұжырымдамаларды басшылыққа алуда және объективті қажеттілікке байланысты Мәжит Мұқановтың мұраларын жинақтап, талдап жеткізу бүгінгі күннің маңызды талаптарының бірі [4].

Педагогикалық психология ғылымының даму тарихына деген қоғамдық сұраныстың, болашақ шәкірттерді тәрбиелеудің рухани қажеттілігі және М.Мұқанов мұрасына педагогикалық психология мәселелерін білім беру жүйесінің оқу процесіне енгізу қажеттілігі қазіргі заманға сай өз орнын табуда.

Мажит Мұқановтың мұраларындағы психологиялық көзқарастарының қалыптасу құрылымдарын сіздерге төмендегідей бағытта ұсынып отырмыз: 1) Ұстаздың өмір жолы мен шығармашылығының қалыптасуы. 2) М.Мұқановтың психологиялық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен ұстаздары мен әріптестерінің ықпалы. 3) М.Мұқановтың оқулық, оқу құралдары және ғылыми мақалаларындағы психологиялық, тәлім-тәрбиелік көзқарастар. 4) Диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік ету. 5) Ғалым, ұстаз, психолог М.Мұқановтың психология ғылымындағы өзіндік орнының маңыздылығын көптеген Қазақстандық ғалымдар еңбектерінен көрініс табуы.

Ұстаздың өмір жолы мен шығармашылығының қалыптасуы [5]:

1920 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылып, кейіннен балалар үйінде тәрбиеленеді.

1939 жылы Вольскідегі әскери-әуе училищесін бітірген соң сол жақтан соғысқа қатысқан.

1941-1945 жылдар аралығында – Ұлы Отан соғысы майдандарында авиация механигі ретінде техник-лейтенант болды.

Ол соғыстан аман – есен оралған соң, 1945 жылы Ақтөбедегі темір жол училищесінің мұғалімі және директордың орынбасары болып қызмет атқарған.

1949 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы Н.И.Герцен атындағы педагогикалық институтты бітірген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі психология мамандығы бойынша аспирантураны тәмамдайды.

1953 жылы М.М.Мұқанов ғалым профессор Т.Тәжібаевтың жетекшілігімен «Кенес сарбазының ерлігінің психологиялық ерекшеліктері туралы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды.

1953 жылы ол Алматы шет тілдер педагогикалық институтының педагогика мен психология кафедрасында жұмыс істейді. Ал 1954-1958 жж. осы кафедраның меңгерушісі болды.

1967 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының психология кафедрасының меңгерушісі болды.

1980 жылы «Ақыл-парасат психологиясын тарихи-этностық тұрғыдан зерттеу» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

М.Мұқановтың психологиялық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен ұстаздары мен әріптестерінің ықпалы:

Психолог кадрларды даярлауда профессор Т.Тәжібаевпен бірге соғыс жылдары Саратовтан келген профессор И.Л.Стычинский (1896-1969) зор үлес қосты. Оның ұстазы әрі әріптесі болған Т.Тәжібаев, С.Балаубаев, А.Темірбеков,

Ә.Ситдықов, Е.Суфиевтармен бірге жұмыс жасап, психология ғылымының дамуына үлес қосты.

М.Мұқановтың жазған оқулық, оқу құралдары және ғылыми мақалаларындағы психологиялық, тәлім-тәрбиелік көзқарастар [6,7,8,9]:

1. «Ми және сана» (1956), оқу құралы
2. «Оқушылардың зейінін тәрбиелеу» (1960), оқу құралы
3. «Бақылау және ойлау» (1959), оқу құралы
4. Педагогикалық психология очерктері (1962), оқулық
5. «Ақыл ой – өрісі». -Алматы,1975ж, оқулық
6. Жас және педагогикалық психология. -Алматы,1980ж., оқулық
7. Шәкірттердің темперамент ерекшеліктерімен санаса отырып тәлім-тәрбие жұмысын жүргізу. - Алматы,1980ж, мақала
8. «Айтыс өнері мен мақал-мәтелдердегі кісінің ақыл-ой ерекшелігінің көрінісі». мақала

Ғалым көптеген жылдар бойына қазақ этносы, ақыл, ес ерекшеліктерінің даму жолын зерттеп, осы тақырыптарда жекелеген кітаптар мен мақалалар жазды. Біз М.Мұқановтың осы еңбектерін саралап қарайтын болсақ.

А) «Бақылау және ойлау» (1959), еңбегінде ақыл оның сапалары жөнінде (тереңдігін, алғырлығын, кеңдігін, еркіндігі т.б. нақты түрде дәлелдеп берді. Қазақта бұрынғы кезде ақылды деп- мәселен, бірнеше адамның арасында дау - дамай болған кезде әділдікпен шешетін адамды айтатын-ды. Сонымен қатар ақылды деп тағы да жан- жақты білімі бар және оны тиісті жерде пайдалана алатын адамды айтатынды. Ақылдың бұл соңғы түсінігі осы уақытқа дейін сақталынып келген. Мәселен кейбір кісілердің білімі терең болса да, ол оны тиісті жерінде қолдана білмесе, оны ешкім онша ақылды деп, - айта алмайды. Әрине ақылдың өмірден алынған тәрбиеге, үйренген мамандыққа бейімделуінен қалыптасатынын білеміз.

Қазіргі кезде білім мен мәдениеттің, техниканың кең тарағанына байланысты ақыл деген ұғымның мағынасы бұрынғыдан да өзгерді деуге болады. Сонымен қатар адамды ақылды дегенде, көзге көрініп тұрған оқиғаның мәселенің сыртқы көрінісін біле білуін айтып қоймайды, олардың бірден көзге көрінбейтін ішкі өзара қарым – қатынастарынан терең аңғара білуін де айтады. Барлық білім түгіл, ғылымның бір саласын толық меңгеру үшін адам өмірінің көбін соған сарп етеді. Сондықтан ақыл көп нәрселерді білумен байланысты болғанымен, ол көбіне тек бір мамандықты меңгеріп, оны терең білуімен де байланысты. Біздің бұлай айтуымыз, әркім тек өз мамандығын жақсы біліп, басқа нәрселермен айналыспау деген емес, ол тек білім, өнерлердің кең таралғандығынан айтылған сөз. Әрине ақылдың өмірден алынған тәрбиеге, үйренген мамандыққа бейімделуінен қалыптасатынын білеміз. Бұл жөнінде психология ғылымында орыс ғалымы И.П.Павловтың зертеуін алып қарасақ, әркімнің өмірден алған тәрбиесіне және жеке басының ерекшелігіне байланысты, оның сыртқы құбылыстарды қабылдайтын сигнал системалары бірдей болып кездесе бермейді.

Егер бірінші сигнал системасы екінші сигнал системасынан айтарлықтай басым болып келсе, ондай кісіні « суретші типке» жатқызады. И.П. Павловтың айтуынша суретші типтер тәжірибесіне, мамандығына қарай дүниені суреттеп, образ арқылы бейнелейді. Егер екінші сигнал системасы бірінші сигнал

системасынан басым келсе, мұндай кісіні «ойлаушы типке» жатқызған. Соңғы типке И.П.Павлов мысал ретінде Гегельді келтіреді. Гегель өзінің философиялық идеяларын дәлелдеу үшін, тек құрғақ қиялдарға сүйеніп, фактілер келтірмейтін болғандықтан, оған осы туралы ескерткенде шімірікпестен «ондай болса фактінің соры» деп, жауап қайтарыпты. Осы айтылған екі түрлі бір біріне қарама – қарсы типтер, әдетте жиі кездеспейді. Кісілердің көбі орташа типтерге жатады. Адамдар көбіне «орташа типтерге» жатады екен. Сонымен ақыл адамның қандай психикалық қасиетіне жатады деген? – сұрақ туындайды. Ол оның тәжірибесіне байланысты болғанымен, ой қызметінің ерекше жинақты түрі болып саналады. Ғалымның айтуынша, ақыл әркімнің мамандығына, тәжірибесіне сүйене отырып, кездесетін міндеттерді шеше білу қабілетін айтады. Міндеттерді шешуде ақылдың түрлі сапалары кездеседі. Ақылдың тереңдігі алдағы кездесетін мәселелерді тек сыртқы көрінісінен жобалап шешем демей, оны терең қарастырып, көзге бірден білінбейтін мазмұндарын ескере білумен байланысты.

Ә) Педагогикалық психология ғылымының өзекті мәселелері бойынша жан-жақты зерттеп айналысып, еңбек жазған орыс психологтары Л.С.Выготский, И.А.Зимняя. Қазақ оқымыстысы Мәжит Мұқановта осы ғалымдардың еңбектерімен сөзсіз таныс болғандығы белгілі. Осы ғалымдар еңбектеріне бағыттап отырып, «Педагогикалық психология очерктері» (1962) еңбегін жазған. Ғалымның оқулығын зерттеу арқылы оның еңбегіне талдау жүргіздік:

Педагогикалық психологияның жалпы міндеті - білім беру іс-әрекетінің әртүрлі жағдайындағы адамның интеллектуалдық және тұлғалық дамуының психологиялық ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтау, зерттеу және сипаттау. Тиісінше, білім беру психологиясының арнайы міндеттері:

- оқушының интеллектуалдық және тұлғалық дамуына әсер етудің тетіктері мен заңдылықтарын ашу;

- білімалушылардың әлеуметтік-мәдени тәжірибенің даму тетіктері мен заңдылықтарын анықтау;

- оқушының зияткерлік және тұлғалық даму деңгейі мен оқыту мен тәрбиелеу нысандары, әдістері арасындағы байланысты анықтау;

Білім беру іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару ерекшеліктерінің оқушының интеллектуалдық, тұлғалық дамуы мен оқу-танымдық іс-әрекетіне әсерін анықтау;

- мұғалімнің психологиялық негіздерін зерттеу;

- білім беруді дамыту фактілерін, механизмдерін, заңдылықтарын анықтау;

- білімнің деңгейі мен сапасын диагностикалаудың психологиялық негіздерін анықтау және т.б.

Білім беру психологиясының негізгі бөлімдері, ғылыми білімнің әр саласының тақырыбы оның құрылымдық бағытын анықтайды, яғни, осы ғылымның құрамына кіретін бөлімдер. Педагогикалық психология үш негізгі бөлімді қамтиды:

- 1) оқыту психологиясы,
- 2) тәрбие беру психологиясы,
- 3) ұстаз психологиясы.

Қазіргі кезеңде білім беру психологиясы жоғары білім (жоғары тәрбие) психологиясы мен мектеп білімінің тәрбиелік психологиясына көбірек саралануда.

Б) «Ақыл ой – өрісі» оқулығы, Алматы, 1975ж жарық көрді. Бұл еңбекте ақыл – ой мен өмір тәжірибесінің жиынтығын ғылымда продуктивті және рефлексия (ой жүйелілігі) деп аталатын ғылыми атаулар төңірегінен іздестіреді.

Сондай-ақ, «Ақыл - ой өрісі» оқулығында тілге соның ішінде орыс тілі мен қазақ тілін салыстырмалы түрде зерттей отырып «Ойды этнос және лингвопсихология тұрғысынан дәлелдеу»- деп түсініктеме береді. Мәжит Мұқанұлы кейбір ғалымдардың халықтардың жағырапиялық орналасуына ұлтына, мінезіне, басқа да қасиеттеріне қарап тілдері бай, кедей деп бөлетіні қарсы шыға отырып «түркі тектес халықтардың, ойды жеткізуге икемділігі аз, өйткені бұл тілдер кейінгі кезде қалыптасты»- дейтін ұшқары пікірлерін әшкерелеп, оны нақтылы фактілер арқылы дәлелдеп көрсете білді. Шындығына келсек қазақ халқының сөз байлығы, сөз саптауы, өткір тілі кейбіреулер айтатындай әсте кедей емес, тілдік қоры орасан бай өркенниетті халықтардың қай- қайсы мен болса да жарыса түсе аларлық дариядай мол дүние екендігін сипаттап берген болатын.

В) Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1980ж. жарық көрген еңбегін алып қарасақ, бұл еңбегінде адамның әр түрлі жас кезеңдегі психикасының даму ерекшелігін зерттеп көрсетеді.

Бұл саланың ең көрнекті бөлшегі – балалар психологиясы, бөбектер мен жасөспірімдердің есею процесін зерттеп қайткенде бұлар сапа жағынан тиісті дәрежеге жете алатынын зерттейді.

Сонымен бірге, бұл еңбегінде бұрынғы қазақ ұлтының баланы жас кезеңдерге бөлуде өзге халықтар сияқты балаларын қай жасында қандай өзгерістерге ұшырайтынын бақылап, оның есеюіне орай неше түрлі кезеңдерге бөлген. Әр жас кезінде баланың үй ішінде және құрбылары арасында алатын орны түрліше келеді дегенде, олардың атқаратын қызметінің жасына қарай болуы, немесе киетін киімдерінің түрліше келуін айтамыз.

Осыған орай баланың туғаннан өскенге дейінгі жас кезеңдерін топтастырып қарастырған.

Туғаннан 1- жасқа дейінгі кезең шақалақ немесе нәресте деп атаған.

1 ден 3-жасқа дейінгі кезді бөбектер (сәби) жасы деді. Бұл кез баланың тілі шығып, денесі нығайып, ойнай бастау мезгілі. Бөбек өте мейірімді келеді. Мысалы, малдың төлдерін (лақты, қозыны, бұзауды) осы жастағылардың ұнататыны сондай қозының қасына келіп үстінен сипап, не солардың даусын салып еліктейді.

3-тен 7-ге дейін сәби жас. Бұл жастағылар жұмыстың қарапайым түрлерін орындауға қатысты; Қыздар көбіне қазан аяқ ұстап шешелеріне көмектеседі нан илеу, от жағу, су әкелу т.б. Ұлдар бұзау не қозы бағып, тезек теріп, оны түйеге артып әкелетін. Шөмеле тасу үшін түйеге мініп, не биелер мен түйелерді қайырып келетін.

8-ден 11- дейін періште жасы. Психикалық және физиологиялық даму жағынан қыз бала ер балаға қарағанда қазіргі ғылым тұрғысынан 1-1,5 жыл алда келетінін. Бұл жас кезеңін періште жас дейтін себебі, әдет- ғұрыптарды сақтау міндеттеледі. Егер бұлар бұзақы іс жасай қалғанда оның күнә екенін осы

жастан соң есептеледі. Қыздар шешесіне көмек көрсетуге тиіс болды, ұл балалар үй ішінен сыртқы жұмыстарға жегіледі. 12 –жастан 15- қа дейін боз бала, қыз бала кезеңі. Бұл мезгіл ұл мен қыздың недәуір есейіп қалған кезі. Үйге қонақ түскенде осы жастағы қыздар қонақтардың көзіне көрінбейтін. Ұлдарды үлкендермен табақтас ететін, киген киімі де өткен жастағыдай емес, үлкендермен қатар атқа мініп, аң аулап саяхат жасауға қосылатын.

15- жастан бастап үлкендер жасы. Бұл кезде ұлдарды үйлендіріп, қыздарды тұрмысқа беретін уақыты келеді. Ғалым бұрынғы қазақ ұлтының жас кезеңдерін осылайша атап көрсетті.

Г) «Айтыс өнері мен мақал-мәтелдердегі кісінің ақыл-ой ерекшелігінің көрінісі» - атты мақаласында, ғалымның айтуынша: «Мақал-мәтелдер-психикалық процестердің өзі емес сол процестердің іріктеліп, сараланып қалыптасқан жемісі. Сондықтан мақалдарға қарап адамның ойын білу қиын. Ендеше мақалдардың психологиялық процестерді білуге қатысы бар ма деген сұрақ туады. Біздіңше, қай елдің мақалдары болмасын, олардың бәрінің атқаратын қызметі біреудің ойының шын не дәлелді екеніне өзгелерді сендіру болып табылады. Соңғы жағдайда мақалдың атқаратын қызметі – әңгіме үстінде оларды қолданатын адамдар ойының жүйелі, яғни логикалық түрде екенін дәлелдеу. Қазақ елінің тарихында, әсіресе бұрынғы дәуірінде мақал-мәтелдер кеңінен қолданылып келгені баршаға мәлім» - деп түйіндейді.

М. Мұқанов қазақ этнопсихологиясы саласында ұлттық кадрларды даярлауда өзіндік орны бар ғалым. Диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік етті. Оның жетекшілігімен Б.Ыбыраев, Қ.Нұрғалиев, Н.Нұртазина және т.б. ұстаз-ғалымдар ғылыми еңбектер жазып, кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Ғалым, ұстаз, психолог М.Мұқановтың психология ғылымындағы өзіндік орнының маңыздылығын оның жоғарыда біз талдаған оқулықтарының өзіндік құндылықтарының маңызын оны психологияның түрлі салаларында ЖОО-да және арнайы кәсіби білім беретін колледждерде білікті педагог-психологтарды, психологтарды оқытуда білім беру бағдарламаларына, мектеп психологтарының тәжірибесіне енгізуде маңызды екендігін сипаттаған көптеген Қазақстандық ғалымдар: Қ.Б. Жарықбаев, С.М.Жақыпов, С.Қ.Бердібаева, Н.Тоқсанбаева, Ж.Сейтнұр, Д.Д. Дүйсенбеков және т.б. еңбектерінен көрініс тапты [10].

Қорытындылай келе, М.Мұқановтың қазақ психология ғылымының тарихында алатын орны ерекше. Қазақ психологиясын жаңа белеске көтерген, қазақ психологиясының мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан да таныта түскен. Ұлттық психология ғылымын зерттеуші ғалым Қ.Б.Жарықбаев М.Жұмабаев [11] пен Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаевтан бастау алған қазақ психология ғылымының дамуында өзіндік орны бар Мәжит Мұқанов еңбектеріне өз пікірін білдіріп, оның шығармаларының зерттелуіне жол ашты. Ғалым мұраларын жинақтап, бастыруда, болашақ ұрпаққа табыстауда көп еңбек сіңірді.

Ойшыл ғалымның шығармашылық еңбектерін ұлттық психология тұрғысынан қарастыру, тиянақтап жинақтау, ғалым-ұстаз турасында естеліктер жазу, оның шығармаларын ұлтымыздың ұлттық байлығына, халқымыздың рухани игілігіне айналдыру бүгінгі таңда кезек күттірмейтін маңызды мәселе еді.

Ұрпақ өзінің ұлттық мәдениетін жандандыру тұсында, М.Мұқановтың ғылыми шығармаларын оқып қана қоймай, терең сырлы құпиясын ашып, оның

адалдық, азаматтық, ойлау жайында жазған шығармаларына тереңнен бойлау, өзіндік талдау жасау, іздену арқылы білімалушылардың танымдық қабілетін арттырыры сөзсіз. М.Мұқановтың шығармалары жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда ұстаз шығармашылығының оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында ұлттық рухани тәрбие берерлік, адамилық қасиетке бай шығармалар екені ғылыми негізде жүйеленді.

Қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты бағыт - жан-жақты дамыған рухани қазынасы бай, әлеуметтік бейімделген жеке тұлға қалыптастыру. Мұғалім оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын іздестірумен ғана шектелмей, сол білімді оқушы бойына дарытуда оның педагогикалық және психологиялық жағдайларына да көңіл бөлу қажеттілігі қарастырылған. Мұқанов шығармаларын меңгертуде, әсіресе, оқушылардың психикалық көңіл-күйі дұрыс болуы аса маңызды рөл атқаратындығы сөз етілді. Олардың ойлау қабілеті, сезіну, қабылдау, зейіндерін қалыптастыруда да ғалым еңбектері игі ықпалын тигізетіндігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы //Егемен Қазақстан. 2007ж. 27 шілде.
- 2 Қазақстан Республикасы. Мәдени мұра бағдарламасы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 2 қараша.
- 3 Жарикбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке: учебник для студентов высших учебных заведений. – Алматы: Эверо, 2006. – 429 с.
- 4 Психология, Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Том 10. - Алматы, Таймас, 2005. – 480 б.
- 5 Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2011- 380 бб.
- 6 Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. –Алматы: Қазақстан, 1980.
- 7 Мұқанов М. Ми және сана. – Алматы: ҚМБ, 1980.
- 8 Мұқанов М. Бақылау және ойлау. –Алматы: ҚМБ, 1959.
- 9 Мұқанов М.Жас ерекшелік және педагогикалық психология. –Алматы: Мектеп, 1990.
- 10 Дүйсенбеков Д.Д. М.М. Муканов как основатель казахстанской психологической школы и создатель историко-этнической концепции соотношения рассудочной и мыслительной деятельности человека // Методология и история психологии. - 2009. Том 4. Выпуск 2. - С. 160-167.
- 11 Сабирова Ж.Н. Мағжан Жұмабаевтың психологиялық көзқарастары. Монография.- Атырау, 2008.-125б.

РОЛЬ МАЖИТА МУКАНОВА В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИИ

В данной статье описывается формирование педагогической деятельности ученого, педагога, психолога Мажита Муканова, влияние учителей и коллег через его педагогическую жизнь, и его психологические, педагогические взгляды в учебниках, учебных пособиях и научных статьях. Также рассматриваются многие казахстанские ученые, написали труды о значении места М. Муканова в науке психологии, в котором изложены его роль в развитии национальной и педагогической психологии. Важность работы ученого заключается в значении общественного спроса на историю педагогической психологии, духовной потребности в обучении будущих специалистов и широком использовании педагогической психологии в системе образования. Значение утверждений в его работах о познавательных процессах и психических свойствах гармонично сочетается с работами российских и зарубежных психологов.

Актуальной проблемой статьи являются, выявление психологических взглядов в наследии ученого посредством основных научных работ, а также использования в своей работе педагог-психологи высказывание ученого об психологическим консультирование и психопрофилактической работе, и формирование психологии молодежи через личностные качества учителя.

Ключевые слова: психология, педагогическая психология, этнопсихология, наблюдение и мышление, интеллект.

ROLE OF MAZHIT MUKANOV IN NATIONAL PSYCHOLOGY

This article describes the formation of the pedagogical activity of a scientist, teacher, psychologist Mazhit Mukanov, the influence of teachers and colleagues through his pedagogical life, and his psychological, pedagogical views in textbooks, teaching aids and scientific articles. Also, many Kazakhstani scientists are considered, they wrote works on the importance of M. Mukanov's place in the science of psychology, which outlines his role in the development of national and pedagogical psychology. The importance of the scientist's work lies in the importance of social demand for the history of educational psychology, the spiritual need for training future specialists and the widespread use of educational psychology in the education system. The meaning of statements in his works about cognitive processes and mental properties is harmoniously combined with the works of Russian and foreign psychologists.

The actual problem of the article is the identification of psychological views in the heritage of the scientist through the main scientific works, as well as the use of the teacher psychologists in their work, the scientist's statement about psychological counseling and psycho-preventive work, and the formation of youth psychology through the personal qualities of the teacher.

Keywords: psychology, pedagogical psychology, ethno psychology, observation and thinking, intellect.

References

- 1 Qazaqstan Respýblıkasy «Bilim týraly» Zańy // Egemen Qazaqstan. 2007j. 27 shilde.
- 2 Qazaqstan Respýblıkasy. Mádeni mura baǵdarlamasy // Egemen Qazaqstan. - 2003. - 2 qarasha.
- 3 Jarıkbaev K.B. Psihologicheskaia naýka Kazahstana v HH veke: ýchebnik dlia stýdentov vysshih ýchebnyh zavedeniı. – Almaty: Evero, 2006. – 429 s.
- 4 Psihologıa, Adamzat aqyl-oıynyń qazynasy. Tom 10. - Almaty, Taimas, 2005. – 480 b.
- 5 Jaryqbaev Q., Sańǵylbaev O. Psihologıa. Entsiklopedıialyq sózdik. – Almaty, 2011- 380 bb.
- 6 Muqanov M. Aqyl-oı órisi. – Almaty: Qazaqstan, 1980.
- 7 Muqanov M. Mı jáne sana. – Almaty: QMB, 1980.
- 8 Muqanov M. Baqylaý jáne oılaý. – Almaty: QMB, 1959.
- 9 Muqanov M. Jas erekshelek jáne pedagogıkalıq psihologıa. – Almaty: Mektep, 1990.
- 10 Dúsenbekov D.D. M.M. Mýkanov kak osnovatel kazahstanskoi psihologicheskoi shkoly ı sozdatel istoriko-etnicheskoi kontseptsii sootnosheniia rassýdochnoi ı myslitelnoi deratelnosti cheloveka // Metodologıa ı istorıa psihologii. - 2009. Tom 4. Vypýsk 2. - S. 160-167.
- 11 Sabirova J.N. Maǵjan Jumabaevtyń psihologıalıq kózqarastary. Monografıa.- Atyraý, 2008.-125b.

Information about authors:

Zhanylsyn Sabirova, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor of Psychology and Special Education Chair of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: zhanylsyn.sabirova@mail.ru

Lyailya Koishygulova, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: l.koishigulova@asu.edu.kz